

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерді кеңсе және офистік жабдықтармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 912 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 2 мамырдағы № 507 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 02.05.2025 № 507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы күштерді кеңсе және офистік жабдықтармен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. 65235 әскери бөлімі командиріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларының 10-шы тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберуді;

3) іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналасқаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қорғаныс министрі генерал-полковник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

2022 жыл "___" _____

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
20__ жылғы "___" _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін кеңсе және офистік керек-жарақпен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Р/с №	Кеңсе және офистік керек-ж арақ атауы	Өлшем бірлігі	Қызмет , пайдала ну мерзімі (жыл)	Қолдан у және таралу саласы	Заттай нормал арды айқынд ау мен қолдан уды нақтыл айтын сипатта малар	Сандық мәндегі норма ("*" белгісімен – ескертпені қарау қажет)					
						1 - норма *	2 - норма *	3 - норма *	4 - норма*	5 - норма*	6 - норма *
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-тарау. Кеңсе керек-жарағы											
1.	Кеңсе жабдығы на арналған қағаз, А 4 формат	Бума	1	ҚР ҚК	Күнделі кті қызмет үшін	4	4	12	10*	0	1 немесе 2**
2.	Кеңсе жабдығы на арналған қағаз, А 3 формат	Бума	1	ҚР ҚК	Күнделі кті қызмет үшін	0	0	1	0	0	100*
3.	Белгіле рге арналған қағаз	Бума	1	ҚР ҚК	Жазбал ар үшін	6	6	1	0	0	0
4.	Плотте рге	Орам	1	ҚР ҚК	Күнделі кті	0	0	1*	0	0	1*

[illegible]

16.	Құжаттар үшін лоток	Дана	3	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	1	1	2*	0	0	10*
17.	Маркер	Дана	1	ҚР ҚК	Маркерлік тақта және мәтінді белгілеу үшін	6	6	1	0	0	10*
18.	Мастика, штемпельді бояу	Дана	1	ҚР ҚК	Мөртаңбалар мен мөрлерді толтыру үшін	0	0	10*	0	0	100*
19.	Үстел жинағы	Жинақ	5	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	1	1	0	0	0	0
20.	Синтетикалық жіп	Орам	1	ҚР ҚК	Құжаттарды тігу үшін	0	0	20*	0	0	50*
21.	Тіркеу папкасы	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	1	1	2*	0	0	10*
22.	Архивтік істер үшін папка	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	0	0	2	0	0	2*
23.	Баяндау үшін папка	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	1	1	0	0	0	0
24.	Пластикалық файлда рмен папка	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	1	2	10*	0	0	20*
25.	Бірықшы бар папка, Office	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	1	1	0	0	0	0
26.	Тезтікпе папкасы, картон	Дана	1	ҚР ҚК	Құжаттар үшін	1	1	10*	1	1	10*

27.	Жүгірт п е папка	Дана	1	ҚР ҚК	Құжатт ар үшін	6	6	6	0	0	0
28.	Теріден жасалға н портфе ль	Дана	5	ҚР ҚК	Құжатт арды тасыма лдау үшін	1	1	0	0	0	0
29.	Қапсыр ма	Орам	1	ҚР ҚК	Кенселі к степлер үшін	1	1	1	0	0	10*
30.	Кеңсе скотчы	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	1	1	5*	0	0	10*
31.	Кеңсе скрепка сы	Бума	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	1	1	5*	0	0	10*
32.	Кеңсе степлер і	Дана	2	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	0	0	2*	0	0	10*
33.	Түрлі-т үсті стикер	Жинақ	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	1	6	1	0	0	0
34.	Қаранд а ш ұштағы ш	Дана	2	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	1	1	1	1	0	2*
35.	Файл – жапсыр ма	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	5	5	2	1	1	1
36.	Жай қарынд аш	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	1	1	2	9	1	1
37.	Шарикт і жай қалам	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	2	2	2	9	1	1 немесе 2**
38.	Ұйымд астырғ ыш	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделі к т і қызмет үшін	0	0	1	0	0	0
					Күнделі к т і қызмет				төрт бірлік		

39.	Дәптер	Дана	1	ҚР ҚК	және оқыту үшін	2	2	2	бір оқыту пәніне	2	2
40.	Архивтің қорап	Дана	1	ҚР ҚК	Архивтің құжаттарды және істерді сақтау үшін	ҚР ҚМ ведомстволық архиві үшін қажеттілік мөлшерінен					
41.	Ыдыс (қап)	Дана	5	ҚР ҚК	Құжаттарды эвакуациялау үшін	Құжаттары бар әрбір сейф (шкаф) үшін бір бірлік					
42.	Пошталық сүргіш (қоңыр)	Килограмм	1	ҚР ҚК	Құпия хат-хабарды мөрлеу үшін	Бір МҚК құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесіне/мекемесіне екі бірлік					
43.	Қылқалам	Дана	1	ҚР ҚК	Желімді жағу үшін						
44.	Үлкен ине	Орам	2	ҚР ҚК	Құжаттарды тігу үшін	Бір құрылымдық бөлімшеге/мекемеге бес бірлік (жекелеген ротадан бастап және жоғары)					
45.	Біз	Дана	2	ҚР ҚК	Құжаттарды тігу үшін						
46.	Түзеткіш	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	Бір құрылымдық бөлімшеге/мекемеге он бірлік (жекелеген ротадан бастап және жоғары)					
47.	Пластелин	Жинақ	1	ҚР ҚК	Сейфтерді және шкафтарды мөрлеу үшін						
48.	Саусақты ылғандандырғыш	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін						
49.		Бума	1	ҚР ҚК	Архивтің істерді						

	Жылтыр емес қағаз				дайындау үшін	Бір құрылымдық бөлімшеге/мекемеге бір бірлік (жекелеген ротадан бастап және жоғары)					
50.	Пошталық жөнелтілімдерді конверттеуге арналған қағаз	Орам	1	ҚР ҚК	Стандартты емес өлшемдегі пошталық пакеттеп орау үшін						
51.	Пленка	Орам	1	ҚР ҚК	Құжаттарды ламинаттау үшін						
52.	Пластикалық мұқаба	Бума	1	ҚР ҚК	Брошюратор үшін						
53.	Серіппе	Орам	1	ҚР ҚК	Брошюратор үшін						
54.	Штемпельдік жастықша	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін						
2-тарау. Кеңсе керек-жарағы											
55.	Қағаз жойғыш (шредер)	Дана	10	ҚР ҚК	Құпия емес құжаттарды жою үшін	1	1	5*	0	0	20*
56.	Үстел шамы	Дана	4	ҚР ҚК	Қараңғы уақытта жұмыс жасау үшін	1	1	0	0	0	0
57.	Қағаз кескіш аппарат (кескіш)	Дана	5	ҚР ҚК	Қағазды кесу үшін						
58.	Қағаз сығымдағыш	Дана	5	ҚР ҚК	Құжаттарды тігу үшін						

59.	Қапсыр малау-баулау құрылғысы	Дана	5	ҚР ҚК	Құжаттарды тигу үшін	Бір құрылымдық бөлімшеге/мекемеге бір бірлік (жекелеген ротадан бастап және жоғары)
60.	Офистік ламинатор	Дана	5	ҚР ҚК	Қағазды ламинаттау үшін	
61.	Күнтізбе	Дана	1	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	
62.	Сауыт	Дана	3	ҚР ҚК	Қоқыс үшін	Бір жұмыс кабинеті үшін бір бірлік (Қызметтік үй-жай, сынып)
63.	Қабырға сағаты	Дана	7	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	
64.	Электр жылытқыш (сүргіш)	Дана	7	ҚР ҚК	Сүргішті қыздыру үшін	Бір МҚК құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесіне /мекемесіне бір бірлік
65.	Калькулятор	Дана	2	ҚР ҚК	Күнделікті қызмет үшін	Материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етудің әрбір жұмыскеріне бір бірлік

Ескертпе:

1. 1-норма* – Қорғаныс министрі, Қорғаныс министрінің орынбасары, Қорғаныс министрлігінің аппарат басшысы, Қорғаныс министрлігі аппарат басшысының орынбасары, Бас штаб бастығының орынбасары, Қорғаныс министрінің кеңесшісі, Қорғаныс министрінің көмекшісі және қабылдау бөлмелері;

2. 2-норма* – Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшысы, өңірлік қолбасшылық әскерлерінің қолбасшысы, әскер тектерінің қолбасшысы, Арнайы операциялар күштерінің қолбасшысы, департамент, бас басқарма (дербес), басқарма (дербес), орталық (дербес), бас инспекция, қорғаныс істері жөніндегі департамент (басқарма, бөлім), әскери-оқу орны (мекеме), әскери-медициналық (медициналық) бөлімше, республикалық мемлекеттік мекеме бастықтары, ҚР ҚК БШ ұлттық қорғанысты басқару орталығының бастығы, Спорт комитетінің төрағасы – Орталық спорт клубының бастығы, сондай-ақ олардың орынбасарлары (көмекшілері) және оларға тең;

3. 3-норма* – әскери басқару органының бір штат бірлігі санына (стратегиялық, жедел-стратегиялық, жедел-тактикалық, жедел-аумақтық) және профессорлық-оқытушылар құрамы;

4. 4-норма* – әскери оқу орындарының тәрбиеленушілері (курсанттар, кадеттер, ұландар);

5. 5-норма* – мерзімді қызмет әскери қызметшілері;

6. 6-норма* – Нормаға енгізілмеген бір штат бірлігі санына;

7. 1* – тиісті техника болған жағдайда қажеттілік мөлшеріне байланысты өтінім бойынша жоспарланады;

8. 2* - бір өлшем бірлік екі штаттық бірлікке жоспарланады;

9. 2** - бір штат бірлігіне жоспарланады, екі өлшем бірлік материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелеріне/мекемелеріне және/немесе әскери оқу орындарының оқытушылар құрамына;

10. 5* – бір өлшем бірлік бес штат бірлігіне жоспарланады;

11. 10* – бір өлшем бірлік он штат бірлігіне дейін жоспарланады;

12. 20* – бір өлшем бірлік жиырма штат бірлігіне дейін жоспарланады;

13. 50* – бір өлшем бірлік елу штат бірлігіне дейін жоспарланады;

14. 100* – бір өлшем бірлік жүз штат бірлігіне дейін жоспарланады.

15. Әскери қызметшілердің командирлік далалық сөмкесін кеңсе керек-жарағымен жинақтау "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 476 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15803 болып тіркелген) сәйкес бөлек жүргізіледі.

16. Өкілдік мақсаттарға кеңсе және офистік керек-жарақтар бөлек жоспарланады.